

**МАҚСУДА АЗИЗОВНА ВОРИСОВА**  
**ЎЗБЕКСТАН ХАЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНАН**  
**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ КАНДИДАТ**

**Өмірбаяны**

**Мақсуда Азизовна Ворисова** 1961 жылы 20 январьда Ташкентте білімді отбасында дүниеге келді.

Ұлты – өзбек.

Білімі – жоғары. 1984 жылы Ташкент мемлекеттік медицина институтын бітірген. Мамандығы – дәрігер-терапевт.

Еңбек жолын 1984 жылы Ташкент мем-лекеттік медицина институтының клиникасында дәрігер болып бастады.

1989 жылдан Ташкент облысы Зеңгіата ауданы «Назарбек» ауылдық дәрігерлік пунктінде дәрігер-терапевт, 2003 жылдан «Назарбек» ауылдық отбасылық емханасы-ның меңгерушісі.

2009 – 2014 жылдары халық депутаттары Зеңгіата аудандық кеңесінің депутаты, 2015 – 2019 жылдары Ташкент облыстық халық депутаттары Кеңесінің депутаты, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының мүшесі болды.

2018 жылдан – Өзбекстан халық демо-кратиялық партиясы орталық кеңесі төрағасының орынбасары.

2019 жылы Олий Мажлис Заң шығару палатасына депутат болып сайланды.

**М.А. Ворисова** қазіргі уақытта Заң шығару палатасының азаматтар денсаулығын сақтау мәселелері комитеті төрағасының орынбасары, парламенттің төменгі пала-тасының Отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссиясының төрағасы.

**М.А. Ворисова** өзін жоғары әлеуетті теориялық және практикалық тәжірибесі бар ұйымдастырушы ретінде көрсетті. Ол елдің денсаулық сақтау жүйесін реформалау, тұрғындарды ойландырып жүрген мәселелерді шешу жолдарын іздестіру үдерісінде белсенді және адал болды.

**М.А. Ворисова** ұзақ жылдар бойы депутат және сенатор ретінде мемлекет және қоғам басқаруы, ішкі және сыртқы саясат, құқық және әлеуметтік қорғау саласында үлкен тәжірибе жинақтады, сондай-ақ қамқор, толерантты және табанды саясаткер.

**М.А. Ворисова** 2018 жылы I дәрежелі «Соғлом авлод учун» орденімен марапат-талды.

Жанұялы, екі ұлы, бір қызы және жеті немересі бар.

Жұбайы А.А. Ворисов – мамандығы бойынша инженер.

## **МАҚСУДА АЗИЗОВНА ВОРИСОВАНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

- елдегі әлеуметтік теңсіздіктің барлық түрлерін жою мақсатында халықтың мемлекет пен қоғамның, сот жүйесінің өміріне тең қатысуын қамтамасыз ету;
- зейнеткерлер мен әлеуметтік зейнеткерлердің өмірлік қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға кепілдік беретін зейнет-ақылар мен әлеуметтік қамсыздандырудың оңтайлы жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ әйелдердің еңбек өтелінде балаларға күтім жасау кезеңінің есептелуіне қол жеткізу;
- мүгедектердің заңды құқығы мен мүддесін қорғау, III топтағы мүгедектерге төлемақы тағайындау;
- мүгедектердің жалпы сауаттылығын арттыру мақсатында «Мүгедектерге білім берудің кепілдіктері туралы» заңның қабыл-дануы;
- шетелде жұмыс істейтін азаматтары-мыздың мүддесі мен құқығын қорғау, сыртқы еңбек миграциясы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында «Еңбек-мигранттарының құқығын қорғау туралы» заң қабылдау;
- халықтың мүддесін қамтамасыз етуге бағытталған қуатты әлеуметтік саясатты жүргізу мақсатында азаматтардың табысына негізделген сараланған салық жүйесін енгізу;
- ішкі базарды арзан азық -түлікпен және әлеуметтік маңызды тауарлармен толтыру, осы өнімдер мен тауарлардың бағасының күрт өсуіне жол бермеу, негізгі азық-түлік тауарларына бағаның қалыптасуына қатаң мемлекеттік және қоғамдық бақылау орнату;
- ауылдың инфрақұрылымын дамытуға, ауылшаруашылығы зерттеулері мен технологиясын дамытуға инвестицияны көбейту, ауылдық жерлерге өнеркәсіпті әкелу;
- әлеуметтік жағдайы төмен топтарға, соның ішінде мүгедектерге, мүгедек бала-лардың ата-аналарына, қиын әлеуметтік жағдайдағы әйелдерге әлеуметтік тұрғын үй құру, оларды мұқтаж отбасыларға мұрагерлік ету және сату құқығынсыз коммуналдық төлемдерді төлеу шартымен ақысыз беру;
- халыққа мемлекет кепілдік берген меди-циналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, халықтың барлық топтары үшін жоғары сапалы және кешенді медициналық көмек жүйесін енгізу, дәріханалар мен жеке меди-циналық мекемелерді іскерлік мәртебе-сінен шығару және оларға ерекше әлеуметтік бизнес мәртебесін беру ;
- медицина қызметкерлерінің ар-намысына, денсаулығына, қадір-қасиетіне нұқсан келтіретіндерге, қызметтік міндеттерін орын-дауға қарсылық білдіргендерге қатысты заңнамада тиісті жауапкершілік белгілеу;
- дәрігерлер мен медбикелердің жалақысын едәуір дәрежеде арттыру;

– 2 жастан бастап мектепке дейінгі тәлім-тәрбиеге қабылдайтын арнайы топтар құру, 6 жастан асқан балаларды міндетті түрде бір жылдық бастауыш біліммен толық қамту, әр елдімекенде мектепке дейінгі білім беру мекемелерін ашу;

– бастауыш сынып оқушыларына тегін таңғы асты ұйымдастыру, олардың қоғамдық көлікті тегін пайдалануын жолға қою;

– жоғары білімге гранттар санын көбейту, ақысыз жоғары білім беру жүйесін реттеудің заманауи тетіктерін заңды түрде нығайту және енгізу;

– студенттердің сабақты меңгеруіне және олардың инновациялық қызметке қатысуына байланысты шәкіртақы мөлшерін анықтау, тұрғын үйге мұқтаж студенттерге жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету;

– халықтың әлеуметтік көңіл-күйіне, олардың өмірлік қажеттіліктерін жүзеге асыруға әсер ететін заң жобаларын дайындауға жұртшылықтың кеңінен қатысуын қамтама-сыз ету.